

Астана қаласы әкімдігінің ,
№71 мектеп-лицейі » ШЖҚ МКК
Тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша
АНЫҚТАМА

Бақылау негізі: 2025-2026 оқу жылында тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Бақылаудың мақсаты: Оқушылардың сапалы және қауіпсіз тамақтандыруын ұйымдастыру

Бақылау объектілері: Мектептегі тамақтану

Тексеру мерзімі: 2025 жыл, қыркүйек.

Бақылау нәтижелері:

2015 жылдан бастап депутаттар бастамасы және мектеп директорларының ұсынысымен тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер мен тауарларды таңдау, тамақтандыру сапасына әсер ететін демпингтік бағалар болуына, сонымен қатар директорлардың тікелей бақылау мүмкіндігі болмауынан, мемлекеттік сатып алулар жүйесінен алынды.

Бүгінгі күні орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз ету Ережелері әзірленді (*БҒМ 31.10.2018ж №598 бұйрығы*).

Оқушылардың сапалы және қауіпсіз тамақтандыруын ұйымдастыру мақсатында Ережелерде білікті қызметкерлері бар (*жұмыс тәжірибесі, аспаздар квалификациясы, технологтар мен диетологтар, азық-түлік өндірісі, энергия үнемдегіш құрылғыларының болуы*), қызметті дұрыс ұйымдастыра алатын жалға алушыны таңдау критерийлері қарастырылған.

2018 жылдан бастап азық-түлікті дұрыс сақтау, дайын тағамдардың сапасын арттыру үшін мектеп асханаларының материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі енгізілді.

2015 жылы оқушыларды сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету мақсатында Министрлік пен Қазақ тағамтану академиясы бірігіп, алғаш рет мектеп оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген бір реттік тамақтандыру нормалары (*ҚР Үкіметінің 12.03.2012ж. №320 қаулысына өзгерістер енгізілді*) әзірленді.

Аталған нормаларда балалар ағзасына қажетті микронутриенттер: дәрумендер, минералдық заттар және микроэлементтер алуы қарастырылған.

Астана қаласы әкімдігінің, №71 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуші ЖШС «АЛИ-ЖАС и К» директоры Б. Наурзбаева.

Асханада 24 қызметкер жұмыс жасайды: 1 асхана меңгерушісі, 3 аспаз, 3 наубайшы, 3 буфет сатушы, 1 тамақ сатушы, 4 официант, 4 ыдыс жуушы, 1 еден жуушы, кух.көмекшісі-1, аспаз көмекшісі-1, наубайшы көмекшісі-1.

Оқушылар 360 орындық мектеп асханасында тамақтанады. Асхана қажетті жаңа заманауи құрылғылармен жабдықталған. Ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында су бұрқақтар орнатылған.

Мектеп асханасындағы 8 мезгіл тамақтану арнайы кестеге сай ұйымдастырылған.


Оқушылар үшін маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) төрт апталық ас мәзірі құрылған. Ас мәзірін құру барысында оқушылардың жас ерекшеліктері, мектепте өткізетін уақыты ескеріледі

Бүгінгі күні қызмет көрсетуді мектеп қызметкерлері, сондай-ақ ата-аналар қауымы тарапынан заңды түрде тұрақты бақылау мүмкіндігі қарастырылған. Әрбір мектепте тамақтандыруды бақылау комиссиясы қызмет етеді. Комиссияны мектеп директоры басқарып, құрамына мектеп медбикесі, педагогтар, ата-аналар комитеті мүшелері, қамқоршылық кеңесі кіреді.

Күнделікті медициналық қызметкер немесе жауапты тұлға дайын тағамдарға органолептикалық бағалау жүргізіп, тағамдар және аспаздық өнімдерге органолептикалық бақылау журналына жазба жүргізеді.

Осылайша, оқушылардың тамақтану сапасына мектеп әкімшілігі тарапынан әсер етуге қажетті мүмкіндік жасалған. Аталған мәселеде білім беру ұйымы басшысының (бракеражды комиссия төрағасы) жауапкершілігі жоғары.

Сондықтан, Министрліктің мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын арттырудағы негізгі қызметі – бракеражды комиссияның тамақтандыру сапасын бақылау қызметіне ақпараттандыру жұмысын кең көлемде ұйымдастыру. Сонымен қатар, оқушылар мен ата-аналарға тамақтандыру дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда не істеу керектігін түсіндіру.

Әлеуметтік педагог 

Л.Саденова